11. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 «Біртұтастәрбиебағдарламасын» іске асыру туралы бұйрығы
12. Білім беру ұйымдарында ата-аналарды педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық. Алматы 2023
13. Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 18 бұйрығы.

14. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. "Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56 бұйрығы
15. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. № 130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)
16. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялықэпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы)
17. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 ж. №534 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)
19. «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы»(ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы)
20. «Білім беру ұйымдарында психологиялық педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы)

Сонымен қатар, мектепте тәрбиеленушілердің міндеттері мен қағидаларын реттейтін нормативтік құжат «Мектеп жарғысы» бекітілген, «Сынып жетекшісі туралы ереже», «Сынып жетекшілердің лауазымдық міндеттері», «Сынып сағаты туралы ереже», «Ата-аналар комитеті туралы ереже», «Ата-аналар жиналысының ережесі», «Мектептегі кезекшілік туралы ереже», «Мектептегі өзін-өзі басқару ұйымының ережесі», «Жас ұлан», «Жас қыран» «Балалар ұйымының ережесі», «Мектеп жанындағы сауықтыру лагерінің ережесі», «Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің ережесі», «Мектепішілік бақылау ережесі», «Адал ұрпақ» балалар ұйымының ережесі.

Мектептің жаңа оқу жылына арналған тәрбие жоспары тамыз айында педагог - психолог, әлеуметтік - педагог, педагог-ұйымдастырушы біріге отырып, аталған ережелер мен құқықтық- нормативтік құжаттарды негізге ала отырып жасайды.

Тәрбие жұмыстары сынып жетекшілер бірлестігінің, «Жас ұлан» балалар ұйымының жұмысы, педагог-психологтың жұмысы, сынып жетекшілер және үйірме сабақтары арқылы жүзеге асады. Тәрбие жұмысына отбасын, білім беру ұйымын, қоғам қайраткерлерін тарта отырып біріккен түрде жүргізген тиімді. Тәрбие жұмысы отбасы, мектеп, қоғам тығыз байланыста болып жүргізген жағдайда ғана сапалы болмақ.

Тәрбиеленушілерге сапалы білім саналы тәрбие беру үрдісіне барлық ұжым мүшелері қатысады. Ата-аналар және әлеуметтік қызметкерлермен тығыз байланыста болып, төмендегі тәрбие бағдарламасы бойынша жұмыстарды жүзеге асырады. Олар:

«№8 жалпы білім беретін» коммуналдық мемлекеттік мекемесі **тәрбие жұмысының жоспары**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «6 » сәуірдегі №130 бұйрығына 4 -қосымша, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

Тәрбие жұмысының тақырыбы:
**«Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, ұлттық құндылықтырды бойына
сіңірген жан-жақты жаңашыл тұлға қалыптастыру»**

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және елбірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен
- әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

- ✓ Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
- ✓ Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
- ✓ Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
- ✓ Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.*

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;

- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадырлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірімшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;

- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде ұсынымдар берілді:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- ✓ баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- ✓ баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- ✓ баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.
- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас жәнәпсихологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірім тәрбиесі (11-15 жас)

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;

- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Білім беру ұйымы директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.
- Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:
- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.
- Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.
- Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау, #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

Жоспарды іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар:

- ❖ Төлеби аудандық білім бөлімі;
- ❖ Аудандық ішкі саясат бөлімі;
- ❖ Төлеби аудандық емханасы;
- ❖ Ленгір қалалық емханасы;
- ❖ Аудандық әлеуметтік қорғау және еңбекпен қамту бөлімі;
- ❖ Қосымша білім беру ұйымдары;
- ❖ Төлеби аудандық жергілікті полиция бөлімі;
- ❖ Төлеби аудандық мәдениет және спорт бөлімі;
- ❖ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (келісімі бойынша);
- ❖ Төлеби ауданы «Жастар ресурстар орталығы»

Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезіндегі
2023-2024 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер

Қызметі	Мерей той иелері	Туылған айы	Өтілетін мерзімі	Нәти же
Суфизм поэзиясының негізін қалаушы, барлық Шығыс мұсылмандарының рухани	Қожа Ахмет Яссауидің	Қыркүйек	Қыркүйек	

тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама	туғанына 930 жыл			
Мәдениеттанушы ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, филология ғылымдарының кандидаты, Мұхтар Әуезов Қорының Президенті	Мұрат Әуезовтің туғанына 80 жыл	Қыркүйек	Қыркүйек	
Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург	Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл	Қыркүйек	Қыркүйек	
1223-1277 жылдары билік құрған, Египетте мамлюк мемлекетінің негізін қалаған Дешті Қыпшақ даласының әйгілі ұлы	Сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жыл	Қазан	Қазан	
Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі	Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл	Қазан	Қазан	
Ұлы жүздің биі Төле бидің туғанына 360 жыл XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең көрнекті өкілдерінің бірі. Қазақ жырауы, мемлекет қайраткері	Бұқаржырау Қалқаманұлының туғанына 355 жыл	Қазан	Қараша	
Қазақтың батыры, көрнекті ақыны	Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл	Қазан	Қараша	
Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор	Шәкәрім Құдайберді ұлының туғанына 165 жыл	Қазан	Желтоқсан	
Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым	Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл	Қазан	Қаңтар	
Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі	Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл	Қазан	Қаңтар	
Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы	Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл	Қазан	Ақпан	
Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақылойшысы, демократ ақыны	Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл	Қазан	Ақпан	
Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері	Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл	Қазан	Наурыз	
Қазақстанның Халық Қаһарманы, Халықаралық Фадеев атындағы Сыйлықтың лауреаты, партизан-жазушы, Ұлы Отан	Қасым Қайсеновтің туғанына 105 жыл	Сәуір	Сәуір	

соғысының ержүрек батыры				
Қазақ жазушысы, редакторы. Ұлы Отан соғысының қатысушысы	Кемел Тоқаевтың туғанына 100ж	Қазан	Сәуір	
Қазақ мемлекеттік баспасында поэзия редакциясын басшысы, «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары, «Жазушы» баспасында поэзия редакциясының меңгерушісі, жазушы	Ғафу Қайырбековтің туғанына 95 жыл	Мамыр	Мамыр	

Абай күні

Жыл сайын 10 тамызда Қазақстанда Ұлы қазақ ақыны, ойшыл, ағартушы, жазбаша қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ Абай күні атап өтіледі. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың туған күні (1845 жылғы 10 тамыз) «Қазақстан Республикасындағы мереке күндерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 689 қаулысына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 4 тамыздағы № 495 қаулысына сәйкес ресми түрде Қазақстанда мереке күні болып атап өтіледі

Тәрбие жұмысының 2023-2024 оқу жылдарына арналған жұмыс жоспары жасалып бекітілді.

Құндылықтарға негізделген бағыттар бойынша тәрбие жұмысында сынып сағаттары, дөңгелек үстел, әңгіме, кездесу, үйірме және секция жұмыстары, саяхаттар т.б. негізінде жүзеге асырылады.

2023-2024 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар бойынша жұмыстар атқаруда :

1. «Оқуға құштар мектеп»;
2. «Отбасы – орта мектеп»;
3. «Дәстүр мен ғұрып»;
4. «Еңбек – елдің мұраты»;
5. «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»
6. «Дебат» қозғалысы;
7. Оқушылардың «Өзін-өзі басқару-"Мектеп Парламенті" мен "Жас Ұлан" » ұйымдары;

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсатында;

- 1-қыркүйек «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді. Барлық сынып жетекшілер оқу жылының басталуы туралы ата-аналар жиналысын өтті. Сынып жиналыстарын өтті.

Қазан айы: 5,6-сыныптар С.Көбеевтің туылғанына 145жыл және М.Жұмабаевтың туылғанына 130 жыл толуына орай ашық тәрбие сағаттарын өтті. Ұстаздар күніне орай тәрбие сағаттар өтіліп соңынан мектептің акт залында концерттік бағдарлама болып өтті. 9 айға 9 іс-шара бойынша Егеменді елімнің гимні орындалды.

- Қараша: 9 айға 9 іс-шара бойынша Асық ату жарысы болып өтті.

- Желтоқсан: Тәуелсіздікке апталық іс-шара жоспары бекітіліп, ол бойынша ашық сабақтар, эссе, дөңгелек үстел, суреттер көрмесі, оқулықтар көрмесі ұйымдастырылып өтті. 9 айға 9 іс-шара бойынша шахмат чөлөңжі өткізілді. Жаңа жыл бойынша 1-4 сыныптарда спортзалда ертеңгілік, 5,6,7 – сыныптар үшін Жаңа жыл кеші, 8,9,10,11- сыныптар үшін балмаскарад 27-28.12.2023ж.күндері өткізілді. 2-тоқсан аяқталуы және техника қауіпсіздігі, өмір қауіпсіздігі бойынша сынып және ата-аналар жиналыстары өткізіліп хаттамалары жазылды.
- №8 мектеп ЖББМ 09.01.2024ж.күні Төлеби АПБ ЖПҚБ ЮПТ УПИ полиция лейтенанты Жаңабай Дәурен мектеп оқушыларына жолда жүру ережесі мен қауіпсіздік (түнде көшеде жүрмеу, жарылғыш заттарды пайдаланбау, жаяу жүргінші ережесін сақтау сабақтан себепсіз қалмау, тәртіп бұзбау т.б) туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

ҚР ПМ-нің 2024 жылға арналған кәсілетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша іс-шаралар жоспарын орындау үшін ағымдағы жылғы қаңтар айының 10-12 күндері аралығында аудан аумағында "Түнгі қаладағы балалар" жедел-профилактикалық іс-шарасы ұйымдастырылады. Шара аясында білім беру ордаларында, құқық бұзушылықтың алдын алу, ұлт аралық жанжалға жол бермеу, жол ережесін сақтау, ата-ананы жасы үлкенді құрметтеу, отбасылық құндылықтарды дәріптеу тақырыптарында тәрбиелік жұмыстар ұйымдастырылады. Қосымша, аудан көлеміндегі ұйымдармен бірлесе күндізгі және түнгі рейдтік жұмыстары жүретіні туралы мектеп оқушыларын ақпараттандырылды.

"Біртұтас Тәрбие Бағдарламасы" аясында "Дүниежүзілік сайлау күні" іс-шара жоспарына сәйкес 7-11 сынып оқушыларына эссе жаздырып, сайлау туралы мағлұмат берілді.

Жалпы мектеп тәрбие жоспары және Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында Республикалық акция барысында мектептің 7 -11 сынып оқушылары "Мен үлгі тұтатын адал адам" тақырыбында эссе жазды.

Мақсаты: оқушыларға үлгі тұтатын ардақты жандардың еңбектерімен таныстыра отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу.

ДТІЖО К.Доспаева мен әлеуметтік педагог және сынып жетекшілермен бірлесіп "Қыз тәрбиесі-ұлт тәрбиесі" тақырыбында қыздар жиналысын өткізілді

- 01.03.2024 жылы "АТА-АНАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ"-ның жұмыстарына сәйкес бұйрықтарды, жоспардың орындалуы бойынша құжаттарды зерделеу жұмыстары жүргізілді. Мектепте ашылған "Даналық мектебі" "Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы" жұмыстары. АПҚО бағдарламасына сай сабақ кестесі түзіліп, қажетті құжаттары жинақталды.

Мектеп сайтына АПҚО бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жарияланып отырды.

Құқықтық тәрбие.

Мақсаты: Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу, оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, балалар мен жастардың құқықтық санасын, балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық -зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында оқушылар арасында құқықтық сауаттылықты артыруға бағытталған іс-шаралар;

- Құқық бұзуға бейім оқушыларды анықтау
- Тізімін алу, мектепшілік бақылауға қою.

Күтілетін нәтиже:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 3 наурыз күнгі №61 (28 желтоқсанда өзгерген №398) бұйрығы және мектептегі құқықбұзушылық тың алдын алу мақсатында мектепшілік «Профилактикалық кеңес құру және жұмысын үйлестіру туралы» арнайы бұйрық шығарылып, профилактикалық кеңес құрамы бекітілді. (бұйрық тіркелген).

1. Жасөспірім және жауапкершілік» жедел-профилактикалық іс-шарасы.
2. "Адалдық- адамдықтың белгісі" еркін форматтағы атты дөңгелек үстел

Түркістан облысы полиция департаментінің бастығы полиция генерал-майоры Қабденов Мұрат Талапұлының қызметтік хат негізінде келген нұсқауына сай, кәсілетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, жолдың бойында орналасқан мектептердің қауіпсіздігін тексеру мақсатында және "Біртұтас тәрбие бағдарламасы" жобасын жандандыру бойынша

аудан көлеміндегі мектептерде жиналыстар өз жалғасын тапты. Төлеби АПБ бастығының бірінші орынбасары Ғ. Құрбаналиев, аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Қырбасов, жергілікті полиция қызмет бөлімшесі бастығының орынбасары Е. Бейсембаев, Жастар ресустық орталығының инспекторы А. Алимкулов , әр сала қызметкері оқушыларға тәрбиелік маңызы бар баяндамалар оқып, видеороликтер көрсетілді.

Барысы: Еркін форматта өткен шарада, оқушылар "Адалдық, сенім, достық" сөздерін қалай түсінетіндерін жеткізіп, түрлі әдістемелерді қолдану арқылы бірге білім алатын ортаға жеткізуге тырысты.

Қатысқандар: Төлеби аудандық білім бөлімі ұйымдастыруымен Төлеби аудандық прокуратура, "Жастар ресурстық орталығы" КММ және Төлеби аудандық полиция бөлімі кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторлары

3. «Құқықбұзушылықтың алдын алу-басты міндет»тақырыбындағы кездесу.
4. «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты республикалық ақпараттық онкүндік акция.
5. «Құқықтық тәрбие берудегі ата-ана жауапкершілігі» тақырыбында ата-аналар жиналысы.
6. «Сыбайлас жемқорлық неге әкеп соқтырады?», «Көмек үшін шынайы алғысыңды қалай жасау керек», тақырыбында шығарма жаздыру
7. «Құқықбұзушылықтың алдын алу-басты міндет» кездесу
8. Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша және кері діни ағымдар мен мектеп қауіпсіздігінің жұмысы және діни терроризмнің алдын алу бойынша өткізілген кездесуі
- 9.«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті» тақырыбында дебат клубының алаңы.

Құқық бұзушылық бойынша соңғы 3 жыл көрсеткіш деңгейі

Оқу жылы бойынша	Мектептегі оқушылар саны	Аудандық ПБ есепте тұратын оқушылар		Мектепшілік есепте тұратын оқушылар	Орын алған қылмыс саны
2021-2022		0		0	0
2022-2023		0		0	0
2023-2024	207	0		0	0
Оқу жылы бойынша	Барлық қаза болған саны	Аяқталған суицид	Суицидке ұмтылған бала саны	Ерте жүктілік	Зорлық зомбылық
2021-2022	0	0	0	0	0
2022-2023	0	0	0	0	0
2023-2024	0	0	0	0	0

Өзін-өзі басқарудың әрбір мүшесінің мүдделері мен қадір-қасиетін және пікірін құрметтеу. Түрлі бағыттағы өзін-өзі басқару жұмысының құрылымы енгізілді. Мектептің өзін-өзі басқаруының бұл құрылымы мектептегі іс-шаралардың белсенді қатысушысы болып қана қоймай, мектептегі тәртіп пен тәртіпті ұйымдастыруға да көңіл бөледі. Мектептің өзін-өзі басқару жұмысының бастауы – сайлау. Сайлау бірнеше бөлімнен тұрады.

Әр сыныптан көшбасшылар өздерін ұсынады

Сыныптағы сайлау. Әр сыныптың өзінде президент және парламент бірнеше министрлерден тұрады. Бұл жерде бала өзін қай жағынан көрсете алғандығы айқындалады.

- Сынып белсенділері өзін президенттікке ұсына алады.

- Әрбір үміткер өзінің мектептің даму жоспарын жасайды.

Сайлауға қатысқан қалған оқушылар өздерін басқа міндеттерге ұсына алады. Мектеп әкімшілігінің міндеті – мықты топ құру. Жұмыс барысында біз мектеп мұғалімдеріне емес, мектеп әкімшілігіне талап қоямыз. Қазіргі таңда мектепте «Жас сарбаз», «Жас Ұлан», «Жас Қыран» спорт фракцисы, мәдениет фракцисы, білім фракцисы, т.б. бағыттарда жұмыс істейді. Мектеп белсенділері өз жұмысында мектеп жұмысының барлық бағытын қамтиды. Мектептегі өзін -өзі басқарудың қалыптасқан құрылымы өзін -өзі ақтайды және белгілі нәтижелер береді:

Өзін-өзі басқару ұйымы. Аға тәлімгердің 2023-2024 оқу жылының жоспары

Оқушылардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, ауызбіршілікке, бірлікке баулу, мектеп белсенділерін басқаларға үлгі етіп, бәсекеге қабілетті, білім және өнерге құштар, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын қастерлейтін, еңбекқор да салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан, әдетті, қайсар тұлғаны, өзін-өзі басқару арқылы қалыптастыру арқылы **«Жалын» өзін-өзі басқару ұйымының** жұмыстары жүйелі жолға қойылған. Қыркүйек айында мектеп парламентінің сайлауы болып өтті. Мектеп президенті 65%пайызбен Жұмалы Зарина сайланды. Мектеп белсенділерін сайлау барысында оқушылар арнайы орнатылған жәшікке өз парақшасын тастау арқылы дауыс беріп, мектеп Президентін сайлады. Өзін-өзі басқару ұйым мүшелері мектептің барлық қоғамдық жұмыстарына белсенді араласып, өткізілетін іс-шаралардың өту барысына толық қатысады.



Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен "1 Қазан - қарттар" күні мерекесіне орай ауыл тұғындары, Еңбек ардагерлерінің үйлеріне барып, шаруаларына қолғабыс жасап, еңбек жолындағы тәлім-тәрбиеге толы әңгімелерін тыңдап қайтты.



«Ұстаз сізге мың алғыс!»
орай өзін өзі басқару ұйымымен
адамзат баласы бас иер асыл



тақырыбында Ұстаздар мерекесіне
челендж жолданды. Мақсаты: Бүкіл
тұлға Ұстаздардың еңбегін бағалай

білуге тәрбиелеу . Адамгершілікке сыйлап түсіне білуге үйрету.



Өзін-
күнін

өзі басқару мүшелері мұғалімдер күніне орай «Ұлағатты ұстаздар» тақырыбында дублер өткізді. нағыз мұғалім болудың қыр-сырын түсініп, сабақтарды жүргізудің маңызды екендігін сезіне алды. Күн қорытындысы бойынша дублер болған оқушылар өз

пікірлерімен бөлісті және мұғалім болу тек қиын емес, қызықты екен деген ортақ ойға келді. Ұйым мүшелері «Талапты да талантты» интеллектуалды ойын ұйымдастырды. ойын барысында оқушылар математикалық тапсырмалар мен логикалық тапсырмалардың ерекшеліктерін бағдарлап, мәдени түрде жауап беру ой ұшқырлығы мен шешендік сөйлеуді қоса игерді.

Оқушылар парламент мүшелері, пікірсайыстарға араластыруға, өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға, мектептегі барлық іс шараларға белсене қатысты.



«Өзін –өзі басқару» ұйымының негізгі мақсаты: Өзін өзі жетілдіруге ,дамытуға және өзін өзі көрсетуге ұмтылатын ,өз шешімі мен нәтижесі үшін жауапкершілікті қабылдауға дайын,белсенді өмірлік ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу. Сынып жетекшілерінің басшылығымен оқушылардың өзіндік қызметі мен бастамаларын ынталандыру. Тапсырылған жұмысқа деген жауапкершілікті тәрбиелеу.

Парламент 8 фракциядан тұрады:

1. «Экология және еңбек» фракциясы
2. «Бақыт»фракциясы
3. «Құқық және тәртіп» фракциясы
4. «Ақпарат және баспасөз» фракциясы

5. «Спорт және салауатты өмір салты» фракциясы
6. «Қайырымдылық» фракциясы
7. «Мәдениет және өнер» фракциясы
8. «Дебат қозғалысының» фракциясы

«Спорт және Салауатты өмір салты» фракциясы Сартаев Тимучин «Дені саудың –жаны сау» тақырыбында оқушылармен спорттық сайыс өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануын, спорттық сайыстар денсаулыққа пайдасы көп екенін түсіндіру.



Өзін –өзін басқару ұйымымен Абай Құнанбаевтың «Толық адам» ілімі тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: Ұлы ақынның өнегелі өмірімен таныстыру, ақынның даналығын ,рухани асыл мұраларын насихаттап,оның өлеңдерін мәнерлеп оқуды,ән айтуды үйрету. Көркем сөйлеуге өз беттерімен ізденуге шығармашылықпен жұмыс жасауға үйрету.



«Еңбек бағыты» аясында Мектеп президенті Жұмалы Зарина «Мектеп ережесін сақтайық» тақырыбында оқушылармен сыныптан тыс сабақ өткізілді. Мақсаты:Адамға ең бірінші білім емес ,тәрбие берілуі керек.Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы «Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай» мектеп ережесін құрметтеуді түсіндіру.



Өзін –өзі басқару ұйымымен бірге «Отан бағыты» аясында «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында тақырыбында сыныптан тыс сабақ өткізілді. Мақсаты: Отанды сүйуге ,туған еліне жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру елге жерге деген патриоттық сезімдерін оятуелінің мұрасын жалғастырушы азамат болуға тәрбиелеу.



Өзін өзі басқару ұйымымен және «Жас ұлан» ұйымымен бірге «Жастар есірткісіз өмірді қолдайды» деген тақырыпта сыныптан тыс сабақ өткізілді. Мақсаты:Оқушыларға салауатты өмір салтын ұстануға үйрету ,Ғасыр дерті болып саналатын зиянды әдеттер-темекі шегу есірткі заттарды пайдаланудан аулақ болуға шақыру.



Өзін –өзі басқару ұйымымен «Жас ұлан» ұйымымен бірге «19 қараша –Халықаралық темекіге қарсы күні» не орай «Біз темекіге қарсымыз» деген тақырыбында бейнероликтер көрсетілді.



Мектебімізде Республикалық Бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына 2 сынып пен 5 сынып оқушылары қабылданды. Мақсаты: Өскелең жас ұрпақтың бойында,патриоттық білім мен өзін өзі жетілдіруге деген құштарлық беріктік қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.



«Жас ұлан» ұйымын жеті бағыты бойынша жұмыс жасайды:

1. «Зерде» бағыты
2. «Отан» бағыты

3. «Еңбек» бағыты
4. «Руханият» бағыты
5. «Жеті Жарғы» бағыты
6. «Салауат» бағыты
7. «Экоәлем» бағыты

Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы мектебімізде белсенді жүріп жатыр.

«Жас Қыран» балалар ұйымында	«Жас Ұлан» жасөспірімдер ұйымында
64 оқушы	112 оқушы

5-10 сынып оқушылары арасында өткізілген «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының аудандық слетінің «Тушылар» бағытында үздік өнер көрсетіп 2 орын иеленді.



Жас ұрпақтың бойында патриоттық біліммен өзін -өзі жетілдіруге деген құштарлықты арттыру мақсатында ұйымдастырылған Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының аудандық 9 слетінің «Саптық жүріс» байқауында үздік өнер көрсеткені үшін 2 орын иеленді.

Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер қатарына қабылдау 2және 5ші сыныптар арасында өткізілді. 5сыныптан 15 оқушы 2сыныптан 20 оқушы ,жалпы саны 35 оқушы қабылданды. Мақсаты: Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін өзі жетілдіруге деген құштарлық беріктік Отанына тарихына тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына жауапкершілікке тәрбиелеу.

Оқушылардың өзін –өзі басқару ұйымының негізгі мақсаты: Қарым қатынасты ізгіліктендіру ,ұжым өмірін жариалылыққа ,еркіндікке негіздей отырып ,оқушыларды қоғам мен мемлекетті басқару тетігіне дайындау.

Оқушылардың өзін-өзі басқару жүйесінің өзектілігі ,оқушылар әрекетінің еріктілігі өзіндік шешім қабылдауға жағдай туғызу.Өзін өзі басқарудың құндылығы сонда осы ұйым арқылы оқушылар мектеп өміріне мектептің ішкі саясатына ,әкімшілік жұмыстарына белсене қатысады. Келер күнге сеніммен қарататын осындай игі де ізгілікті іс біздің ұжымымызда оң нәтижесін беруде.

Ұйымдастырылатын шаралардың негізгі бағыттары спорт,әлеуметтік жұмыс,мәдени, жауапкершілікті арттыруға ,тұтынушылық қатынас жоюға негізделген. Ұйым құрамындағы әр оқушы өз бағытының үздігі. Жұмыс жасау барысында біз оқушылардың мүдделерін қорғап ойларын ескереміз. Мектеп өмірінің қызықты әрі әсерлі өтуі өзін-өзі басқару ұйымының белсенді жұмыс жасауына тікелей байланысты. Бұл бағытта аянбай еңбектеніп ,үнемі жаңашылдыққа ұмтыламыз деп уәде береміз!

Өзін өзі басқару ұйымы әр аптада оқушыларды қызықтырып түрлі тематикалық апталықтар ұйымдастырды. Одан бөлек оқушылардың үзілісті тиімді пайдалануын ұйымдастырды. Үзіліс кезінде кітап оқу, шахмат ойнау, қазақтың ұлттық ойындарын жандандыру мақсатында ұйымдастырды. Үлкен қоңырауда асханағада кезекшілікке тұрып көмек қолын ұсына білді.



Өзін өзі басқару ұйымы оқушылармен бос уақыттарын тиімді пайдалануды ұйымдастырып түрлі интеллектуалды «Жүзден жүйрік» сайыстар өткізілді.



«Жас ұлан» Ұйымының «Салауат» бағыты бойынша «Спорт жанға дауа тақырыбында» спорттық сайыстар өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды салауатты өмір салтына бейімдеу және дене шынықтыру сабағына қызығушылығын арттыру.



«Жас Ұлан» ұйымымен «Руханият бағыты» аясында «Отбасы тәрбиенің алтын бесігі» деген тақырыпта оқушыларымен сыныптан тыс шара өткізілді. Мақсаты: Отбасы құндылықтарын дәріптеу отбасындағы сүйіспеншілік сыйластық сезімдерін нығайту.



«Жас Ұлан» ұйымымен «Қазақстанның өткеніне саяхат» тақырыбында 7 сынып оқушыларымен пікірталас жүргізілді.

Мақсаты: Оқушыларға Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып өз еліміздің даму тарихын ата –баба аманатына адал болуға, ерлігінен үлгі алуға дәріптей білуге үйрету.



Өзін өзі басқару ұйымымен “Сыбайлас- жемқорлық қоғам дерті”

тақырыбында 10- сынып оқушыларымен дөңгелек үстелі ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты: Қоғамның әртүрлі орталарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын – алу, профилактикалық жұмыстарын насихаттау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру, білімдерін дағдыландыру; саяси өмірден хабардар жеке тұлғаны қалыптастыра отырып, шәкірттердің еркін сөйлеуіне, қоғамға деген өз ой - пікірлерімен санасуға жағдай жасау, Ата заңды құрметтеуге, адамгершілікке тәрбиелеу.



Өзін –өзі басқару ұйымымен бірге «Жас ұлан» ұйымыда Мектебіміздегі өткізілген барлық іс шараларға атсалысып белсенділік танытты. «Бұлақ көрсен көзін аш» дегендей ауылымыздың басындағы бұлаққа барып тазалық жұмыстарын атқарды. Сонымен қатар мектебімізді көгалдандыру жұмыстарына белсене атсалысты. Сенбілік тазарту жұмыстарына қатысып отырады. Әр түрлі интеллектуалді сайыстар «Жүзден жүйрік» т.б өткізіп оқушылардың оқуға деген ынталарын қалптастырады. Түрлі аудан аралық жарыстарға қатысады.

Мектебіміздің президенті Жұмалы Зарина мектеп президенттері арасында өткізілген «Сен үздіксің» атты аудандық форумына қатысып жүлделі 2 орынды иеленді.



«Қатыгездіксіз зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында өзін өзі басқару ұйымымен бірлескен тренинг өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру. Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқық мәдениеті ,бала құқықтары туралы конвенцияның негізгі ережелері туралы білім деңгейін арттыру.



19.03.2024 ж мектебімізде Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында “Жарқ ете қалсам найзағай болып” тақырыбында Сәкен-жырдың сарқылмас дариясы атты сыныптан тыс сабағы ұйымдастырылып өткізілді. Мақсаты: ақын шығармаларының өміршенділігін көпшілікке таныту, оқырмандардың шығармашылық қабілетін жетілдіру, қазақ халқының зиялыларының бірі Сәкен Сейфулин есімін құрметтеуге, ұмытпауға тәрбиелеу.



«Оқуға құштар мектеп жобасы» аясында бастауыш сынып оқушыларымен «Кітап біздің досымыз» тақырыбында сыныптан тыс сабақ өткізілді.



Бұлақ көрсен көзін аш атты тазалық шаралары өткізілді. Ауылымыздың басында орналасқан бұлаққа Парламент ұйымы мен Жасұлан ұйымының оқшылары барып тазалық шараларын жүргізіп қайтты.



Мектебімізде 19.03.2024ж көгалдандыру жұмыстары мен қатар тал егу, сенбілік жұмыстары ұйымдастырылып өткізілді. Көгалдандыруға мектептің мұғалімдері мен қатар мектеп оқушылары соның ішінде мектеп парламентіні «Жас ұлан» ұйымы оқушылары түгел атсалысты.



Мектептегі оқушылардың 90 пайызы мектепшілік іс -шараларға тартылады.

Шығармашылық, спорттық, зияткерлік бағыттағы іс -шараларға қатысу үшін таңдаудың кең спектрі.

Оқушылар түрлі іс-шаралар ұйымдастыруға қатысады. Мектептегі оқушылардың кезекшілігін ұйымдастырып, оқушылар жиынын өткізеді. Кезекші сыныптың есебін тыңдайды. Бұл оқушылардың өздеріне деген жауапкершілігін арттырады.

Мектепте жасөспірімдерді адалдыққа тәрбиелеу, жемқорлыққа қарсы тұру мәдениетін, жауапты, талапты және әлеуметті азамат пен патриот қалыптастыруға баса көңіл бөлінеді. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін мектепте **«Адал ұрпақ»** клубы құрылды. Клубтың құрамына 7-11 сынып оқушылары алынды. «Адал ұрпақ» клубының жетекшілігіне мектеп директорының бұйрығы бойынша ұйымдастырушы педагог Н.Айтпаева бекітілді. «Адал ұрпақ» клубы өз жұмысын жоспарға сай жүргізуде.

«Жас дарын» дебат клубы оқушылардың ой-өрісін дамытып, өз пікірін қорғап, дәлелдей білуге, терең білім алуға, пәндер арасындағы байланысты күшейтуге, оқушының тәжірибесін тереңдетуге, кез келген сұраққа жауап бере алуға, ойын жинақтай білуге, шығармашылығын ұштауға, сөйлеу мәдениетін дамытуға бағытталған. Сондай-ақ оқушылардың қоғамдық өмірге белсене қатысуға, өзінің көзқарасын анықтауға, өз көзқарасында нық тұруға, топта жұмыс істеуге өз ойын нақтылауға үйретеді. Бұл бағдарлама сондай-ақ балаларды нақтылыққа дағдыландырады. Балалар алған білімдерін және тәжірибесін интеллектуалды іс – шараларды өмірде қолдана алуға үйренеді. Жетекшісі Ояева Гулнур қосымша білім беру педагогына жүктелген.

Пікірсайыс -бұл қоғамның саяси даму барысын тереңірек түсінуге және адам сенетін ісін қорғауға үйрететін демократиялық үдеріс.

Әдістемелік- нұсқау хат негізінде және оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында

«Жолда жүру» ережесі бойынша жоспар құрылып 1-8 сыныптар аралығында жұмыс жүргізілді. Жолда жүру ережесі сақтану бойынша сынып сағаттарымен қатар мектеп ішінде жас ерекшеліктерге сай түсіндірме жұмыстары, көңілді тапқырлар клубы

жүргізіліп отырады. Жүргізілген жұмыстар оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында жүргізіліп, оқушыларымыз жолда жүру ержесі бойынша сыныптан тыс іс-шаралар өткізіліп отырды .

«**«Жас дарын»» дебат клубының мақсаты:** Баланың жеке басының өзін -өзі жүзеге асыруына жағдай жасау, оның рухани және шығармашылық қабілетін ашу, білім алушылардың құндылық бағдарын қалыптастыруға ықпал ету, гуманизмді Қазақстан азаматын тәрбиелеу. Дебат клубы - бұл толеранттылықты, шешендік шеберлікті, логиканы, сыни ойлауды және жастардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуды жүзеге асыратын еріктілер бірлестігі. **Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалар:** Тәрбие жұмысының нәтижесін және жұмыс қорытындысын әлеуметтік желілерге,

[https://www.facebook.com/Сегізінші мектеп](https://www.facebook.com/Сегізінші_мектеп) БАҚ жарияланып жіті жарияланып отырады. Атқарылған жұмыстар нәтижесі әр аптаның соңғы күнінде әлеуметтік желіге жарияланып отырады. Сынып жетекшілер, мектеп мұғалімдері және тәрбие бағытының мамандары өз жұмыстарын әлеуметтік желіге жариялау арқылы жұмыстарын публикациялық түрде көрсетіп отырады.

Мектептегі үйірме жұмыстары туралы мәлімет 1-11 сынып аралығы:

Оқушының бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектебімізде жүргізілетін ақысыз үйірме жұмыстарына талдау жұмысы

Мектепте балаларының құқығын қорғау бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Оқу жыл барысында жетім, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған, көпбалалы отбасында және әлеуметтік аз қамтылған отбасында тәрбиеленетін, жалғыз анасымен және жалғыз әкесімен тәрбиеленетін оқушыларды есепке алып отырмыз. Бұл отбасы және ондағы балалармен үнемі жұмыс жүргізілуде: үйлеріне бару, ата-анасымен пікірлесу және ол оқушылардың сынып жетекшісімен жұмыс жүргізілуде. Жыл сайын сыныптарда әлеуметтік паспорт жасалады. Соның негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалған.

Оқу жылы	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Жалпы үйірме саны	5	7	9
Қатысатын оқушы саны	138 (71%)	149 (76%)	164 (81%)
Жалпы оқушы саны	194	197	202

Оқушылардың әлеуметтік деңгейі туралы мәлімет. /Әлеуметтік паспорт/

Мектепте оқитын тұл жетім, жартылай жетім, мүгедек, аз қамтамасыз етілген жанұялардан шыққан, үйде оқытылатын балалар, толық отбасынан шыққан, толық емес отбасынан шыққан және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар туралы мәлімет

2023-2024 оқу жылы.

Оқушының әлеуметтік статусы	Сыныптар бойынша												Мектеп бойынша
	1	2	3	4а	4ә	5	6	7	8	9	10	11	
Тұл жетім	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Жартылай жетім	-	1	-	-	-		2	1	-	1	2	-	7
Көп балалы жанұялардан шыққан	7	14	14	7	11	13	8	16	6	12	10	7	125
Мүмкіндігі шектеулі мүгедек (үйде немесе мектепте оқытылатын)балалар	-	-	-	-	-	1	-	-	-	-	-	-	1
Атаулы көмек алатын отбасынан шыққан	2	2	2	2	1	2	2	-	3	-	-	-	22
Толық отбасынан шыққан	1	4	2	2	2	5	3	6	2	1	2	1	31
Толық емес отбасынан шыққан	2	1	1	2	-	2	-	2	2	-	-	1	13

Ыстық тамақпен қамтамасыз ету

- Ыстық тамақпен қамтылған 100 оқушының дер кезінде тамақтануын күнделікті қадағалау
- Астың дайындалу сапасын тексеру
- Асхананың санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай болуын қадағалау

Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі асхананы жалға алушы арқылы ұйымдастырылады. 2023 оқу жылының қазан айында 91 оқушы тамақтана бастады

Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру Бала денсаулығы қай уақытта да, кез келген жағдайда да өзекті мәселе. Оқушылардың денсаулығын нығайта отырып, олардың демалыс кезінде дұрыс демалуын қамтамасыз ету -әр мектептің міндеті. Лагердің жұмысының ерекшелігі: баланың демалысы мен еңбек етуге дағдыландыруды кіріктіре білу. Лагердің жұмысы өз бағдарламасы негізінде жүргізіледі. Биылғы оқу жылында лагерь жетекшілері Темирбекова Айбану мен Байниязова Ақмарал бағдарлама бойынша жоспарларын бекітіп,мектеп жанындағы жазғы жагерь бойынша жұмыстарын атқаруда.

2023 – 2024 оқу жылы бойынша мектеп кітапханасының сараптамасы

№	Көрсеткіштер	Саны
1	Кітаптар саны (мектеп оқулықтары, көркем әдебиеті, кітапшалар, журналдарды	9332

	қосқанда)	
2	Оның ішінде мектеп оқулықтары	5117
3	Оқырмандар саны	213
4	Кітапханаға оқырмандар бару саны	1917
5	Қазақ тіліндегі кітаптар	3756
6	Орыс тіліндегі кітаптар	832
7	Ағылшын	33
8	Кітап беру саны	426
9	Кітапханашылар саны	1
10	Кітапханалық білімі бар кітапханашылар саны	1
11	Оқу залында отыратын орын саны	16
12	Кітапхана ауданы (шаршы метр)	31м ²
13	Электрондық оқулықтар	75

2023-2024 оқу жылына Кітапхана жұмысы

1.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында тақырып Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы 9 сынып оқушылармен сыныптан тыс дөңгелек үстелі ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты: Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру. Оқушылардың танымдық деңгейін дамыту. Біздің бүгінгі «Оқитын ұлт», «Оқуға құштар қала» деп жүрген жобаларымыздың түп-төркіні тереңде жатқанын байқаймыз. Осы екі шумақ, екі ауыз өлеңнің өзінде бүкіл ұлтымыздың болмыс-бітіміне кіріп кеткен, ата-бабаларымыздың өлмес өсиет етіп, айтып кеткен ерте тұру мәселесі де, таза жүріп, таза тұру жағы да, жұмыссыз, тек жүрмей еңбектеніп жүру қажеттігі де түгіл-түгел сыйып тұр. Халық ауыз әдебиеті жауһарларында «Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық», - деп те түсіндірілген. Алашқа ардақты Ахмет шығармаларының негізгі нәрі де, мәні де ұлттық болмыс-бітімімізбен астасып жатқандығында екендігін аңғарамыз. Қазақ жазба поэзиясының негізін қалаған, әлемге аты мәшһүр Абай Құнанбайұлы мұраларының да қаншалықты құнды қазына екендігіне ең әуелі Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласы дәлел. Абайдың шын мәнінде бағасы шексіз құбылыс екендігіне көз жеткіземіз. Қаншама зерттеушілердің ғылыми еңбектеріне өзек болған осы мақалада: «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек... Абайды қолымыздан келген қадірлі жұртқа таныту үшін мұнан былай кейбір өнегелі, өрнекті сөздерін газетаға басып, көпке көрсетпекшіміз», - дейді көреген ақын, көрнекті қайраткер Ахмет Байтұрсынұлы. Жоғарыда айтқанымыздай, Алаш қамын ойлаған ақынның барлық шығармаларында елдік мәселені елемей кеткен тұсы жоқ.



2.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында Қожа Ахмет Яссауидің туғанына – 930 жыл. Суфизм поэзиясының негізін қалаушы, барлық Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және жетекшісі. Қожа Ахмет Яссауидың өмір деректерімен 11 сынып оқушылармен насихаттау. Қожа Ахмет Ясауи (1093-1166) - қазақ халқының байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орны бар ұлы ақын, сопылық поэзияның негізін салушы, күллі күншығыс мұсылмандарының рухани ұстазы болған ұлы ойшыл, діни қайраткер.

Оның артында Орталық Азиядағы әр түрлі халықтардың мәдениетіне енген көптеген рухани туындылар қалды. Ол өмірінің барлық жылдарын көшпенділерге рухани даналық пен мәдениетті беруге арнады.

Қожа Ахмет Ясауи 1093 немесе 1094 жылдары көне Исфиджаб (Сайрам) қаласы Отырар қаласының ауданында дүниеге келген.

Ахмет тұлғасының қалыптасуы ясы қаласымен байланысты (Түркістан қаласының бұрынғы атауларының бірі. Оның ұстазы Арыстан-баба (немесе Баб Арыстан) - белгілі ислам уағызшысы ..

Түркі әлемінде Қожа Ахмет исламның негізгі таратушысы болды.

Ал оның арқасында Ясы қаласы Түркістан күллі түркілердің рухани орталығына айналды. Бірақ Ахмед Ясауи тек діни қайраткер болған жоқ. Оның философиялық және поэтикалық шығармалары танымал және құрметті болды. Сауатсыз көшпенділер оның өлеңдерін, салған суреттерін жатқа айтып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Ал оның философиялық мұрасы бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоймаған адам ойының інжу-маржаны саналады. Ахмед Ясауи өзінің бүкіл өмірін, бар күшін туысқан халықтарды біріктіруге, көптеген діни ағымдар аясында рухани бірлік құруға арнады. 63 жылдан кейін өмірінің соңына дейін жерастында өмір сүрді. Оны Яссауи былай түсіндіреді: «Мен пайғамбар жасына келдім, алпыс үшке келдім, бұл маған жетеді, пайғамбар берген уақыттан артық өмір сүрудің қажеті жоқ». Дәл осы арада қылуette Ахмет Яссауи өмірінің соңына дейін өтіп, 13 - 15 ғасырлардағы көшірмелер түрінде бүгінгі күнге дейін жеткен.



3.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Бақытты отбасы зорлық – зомбылықсыз әлем» кітап бұрышын жасап 9 сынып оқушыларына зорлақ зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап ондай әрекеттерге бармауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

Мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Школьникам толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуге тәрбиелеу.

Іс-шара барысындағы негізгі мақсат ешбір адамға: бала болсын , әйел адам болсын , зорлық-зомбылық жасалмайтын ел **«Бейбітшіл ел - Қазақстан»** атты елдің моделін құрып шығару.

Іс – шараға 1,2- топ оқушылар және 3-топ ата-аналар тобы болып қатысты.

– Отбасындағы зорлық-зомбылық- қоғамдағы басты мәселенің бірі. Әйелдер қауымы бұл жағдайда жиі зардап шегеді. Әсіресе, өткен жылы пандемиялық ахуал күшейіп, карантин режимі енгізілген кезде отбасылық зорлық-зомбылық факторлары көп тіркелгені белгілі. Біздің қалыптасқан менталитетімізде көптеген қыз-келіншектер отбасындағы зорлыққа шыдап, көп жағдайда жасырып қалуға тырысады. Мұндай жайттар денсаулықтың бұзылуына, түрлі күйзеліске, балаларының мінез-құлқының дұрыс қалыптаспауына, тіпті соңы өлімге алып келеді. Осындайда «ұят», «қорқыныш» деген ұғымдарды өз жөнімен пайдалансақ игі еді.



4.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл тақырыбында 6 сыныппен сыныптан тыс іс шара өткізілді.

Мақсаты: Ақпарат көздері арқылы Спандияр Көбеев шығармашылығы туралы түсініктерін кеңейту, әңгімелерінің мазмұны мен идеясын меңгерту, алған білімдерін ауызша және жазбаша тілде пайдалануын қалыптастыру. Ұлы жазушы, қоғам қайраткерінің өмір жолы, ойлы еңбектері мен халыққа қалдырған асыл мұрасымен танысу, тәрбиелік мәнісін ұғыну. Оқушылар арнайы дайындалған слайд арқылы жазушының өмірімен танысып, ақпарат алды. Жазушы еңбектерімен танысып, ондағы тәрбиелік мәні бар маңызды дүниелерді түртіп алуға тырысты. Қызықты сұрақ-жауап жұмысы ұйымдастырылды.



5.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында, күзгі демалыста мектеп кітапханасында 4-7 сынып оқушылармен «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Ізгілікке қалам тартқан... жас ғұмыр» атты жасырын кітап іс-шарасына қызығушылықпен қатысты. Кітапханашы оқырмандарға кітапхана қорындағы балаларға арналған әдебиеттер туралы әңгімелеп, арнайы тандаудан үйге оқуға кітаптар алуды ұсынды: кітаптар қағазға оралған, ал оқырман қай кітапты таңдағанын көрмейді. Бұл әдіс балалардың кітапқа деген құштарлығын жандандыруға мүмкіндік береді.

#Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт

#Балалар кітапханасы



6.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында, «Кітаппен дос бол!» 4^ә сынып оқушылармен ашық сабақ өткізілді.

Кітаппен дос бол! 4^ә сынып оқушылармен ашық сабақ өткізілді.

Мақсаты: кітапқа деген қызығушылын арттыру. Оқулықтарды күтіп ұстауға үйрету.



7.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 6 сынып



8.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 3 сынып оқушылары.16 желтоқсан – ата бабамыздың арманы орындалып, жасампаздығымызды жаңа белеске көтерген Тәуелсіздік күні. 1991 жылғы 16 желтоқсанда президент Нұрсұлтан Назарбаев қол қойған Конституциялық Заңнан бастау алған тәуелсіздігімізге 32 жыл толды.



9.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 3 сынып оқушылары. “Үнемі оқитын адам – табысты адам”

Қысқы демалыста: ”Балалар кітапханасы” жобасы аясында “Үнемі оқитын адам – табысты адам” оқушылармен оқыған кітаптары жөнінде игі қасиеттерді қалыптастыруға тәрбиелеу, оқыған кітаптары жөнінде талқылау. Жаңа келген кітаптармен таныстыру



10.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 3,4, 8 сынып оқушылары 10-15 минуттық Үзілісте оқушылардың кітапханадағы кітап оқу сәті

«Оқуға құштар жобасы» аясында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында үзіліс уақытында оқушылардың кітапханадағы бір күні Абай атамyz: "Танымның бар тамшысы кітапта оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа" деп,айтып кеткендей кітап оқу арқылы баланың уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында:"Оқуға құштар мектеп"жобасы аясында оқушыларды кітап оқуға баулу, әр түрлі жастағы балаларға арналған кітаптармен таныстыру .



11.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында №8 жалпы білім беретін мектеп «Ең үздік оқырман» тақырыбында мектеп кітапханасында 5 сынып оқушыларымен сыныптан тыс іс шара өткізілді. Мақсаты: кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімінің пайдасын түсіндіру. Кітапты сүйе білуге, кітапты қадірлеуге баулу. Білімді ұрпақ тәрбиелеу. Білімді кітаптан алатынымызды түсіндіру. «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» деп ұлы Абай Құнанбаев атамyz айтпақшы, адам баласы үшін кітап тілсіз тәрбиеші.



12.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл »

Оқушылардың ой тұжырымдарын, әдеби тіл байлықтарын, есте сақтау қабілеттерін, көркем сөз оқу шеберлігін дамыту.Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының аңыз-әңгімелерді, тарихи әңгімелерді, шешендік сөздерді қағазға түсірумен ғана шектелмей, фольклордың басқа да жанрлық түрлерін, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырларын, эпос, ертегі, мақал-мәтел, ақындар айтысын, т.б. жинағаны белгілі. 8сынып оқушылармен бірге өтілген іс шара.



13.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында Саттар Ерубаевтың туғанына 110 жыл

Мақсаты : Саттар Ерубаев туралы білімдерін толықтыру, сұрақтарға жауап беру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту. Саттар Ерубаев 1914 жылы Түркістан ауданында дүниеге келді. Балалар үйінде тәрбиеленген. 1927 жылы Түркістан ауданы, «Комсомол» колхозында қызмет істейді



14.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Кітап біздің досымыз»

Мықсаты: Оқушыларды оқулықты құрметтей білуге, кітапты ұқыпты ұстауға баулу. Оқушының білімділік танымын өмірмен байланыстыра отырып арттыру. Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын арттыру, кітаппен достастыру.



15.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Кітап менің өмірімде»

Мақсаты: кітапхана аясында өткізіліп отырған «Оқуға құштар жобасы аясында» балалардың кітапқа деген құмарлығын арттыру болды. Оқушылардан өздері оқыған кітаптары жөнінде қысқаша мәлімет алу және эссе жаздыру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығы керемет.



16.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында № 8 жалпы білім беретін мектеп кітапханасында «Мұқағали – Мәңгілік ғұмыр» атты 6-7 сынып оқушылармен сыныптан тыс кеш өткізілді. Мақсаты: Қазақ поэзиясының мұзбалығы атанған ақынның өмірі, шығармашылығымен таныстыру, ақынның поэзия құдыретімен әндерін таныту. Ақын өлеідері арқылы оқушылардың отанға, Халқына тілге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, отаншылдыққа тәрбиелеу.



17.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «14 Ақпан- Халықаралық кітап сыйлау күні»

Бұл мерекенің мақсаты - қарапайым және мейірімге толы, барлық адамзатты кітап оқуға шақыратын ерекше мейрам. Мерекенің қағидасы бойынша осы күні балаларға көбірек кітап сыйлаған абзал. Сол арқылы жас ұрпақтың кітап оқуға деген ынтасын арттыруға болады. Мейрамның шығу тарихы да ерекше. Кітап сыйлау мерекесі 2012 жылдан бері Эмми Бродмурдың бастамасымен халықаралық деңгейде тойланып келеді. Эмми Бродмур - әлеуметтік желіні белсенді қолданушы, блогер әрі 3 баланың анасы. Бір күні ұлы анасына дәл осы күні "Неге адамдар бір біріне ешқандай себепсіз кітап сыйлайтын күн жоқ?" деген сауал қояды. Ешқандай жауап таба алмаған Эмми осы күнді кітап сыйлау күні деп белгілеп, әлеуметтік желі арқылы мерекенің танымалдылығын арттыра бастайды. Нәтижесінде әлемнің түпкір-түпкірінен бір-біріне кітап сыйлайтын жандардың қатары көбейген. Қазіргі таңда мереке халықаралық деңгейге дейін жетті. Бір-бірімізге себепсізден-себепсіз кітап сыйлап, жақындарымызды қуантайықшы.



18.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 1 наурыз – Алғыс айту күні

Елімізде 1 наурыз - «Алғыс айту күні» болып 2016 жылдан бастап атап өтілуде. 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды елімізде «Алғыс айту күні» деп жариялап, № 173 Жарлыққа қол қойған болатын.



19.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Жарқ ете қалсам найзағай болып» тақырыбында Сәкен жырдың сарқылмас дариясы атты сыныптан тыс сабағы ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты: ақын шығармаларының өміршеңдігін көпшілікке таныту, оқырмандардың шығармашылық қабілетін жетілдіру, қазақ халқының зиялыларының бірі Сәкен Сейфулин есімін құрметтеуге, ұмытпауға тәрбиелеу:



20.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «12-сәуір Ғарышкерлер күні» 12 сәуір – Ғарышкерлер күні!

1961 жылы 12 сәуірде Қазақстанның Байқоңыр аймағынан тұңғыш космос кораблі ғарышқа аттанды. Сөйтіп, Юрий Гагарин – әлемнің тұңғыш ғарышкері, ал Байқоңыр – ғарыш аймағына айналды. Алғашқы ғарыш сапарынан кейінгі жылдары 500-ден аса ғарышкер аспан әлеміне сапар шегіп, ғылыми зерттеулер жүргізді.

Солардың ішінде Қазақстанның үш өкілі, өз елінің ұлттық батырлары, ұшқыш-ғарышкерлер: Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетовтер де бар. Олардың есімдері Қазақстан тарихы бетіне алтын әріптермен жазылды.

Еліміздің ғарыш саласы дами берсін!



21.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында Қазақтың ұлы ақыны қазақ әдебиетінің классигі Қазақтың бірлігі Алаштың азаттығы мен халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күреспен өткізген зиялыларымыздың бірі қазақтың ұлы тұлғасы Қаныш Сәтпаевқа -125 жыл. Кітапханада кітап бұрышы жасалды.

22.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 23 сәуір «Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық қорғау күні» тақырып бойынша кітап көрмесі жасалды.

Мереке Халықаралық кітап баспа қауымдастығының қолдауымен 1969 жылдан тойланып келеді. 1995 жылдың 16 қарашасында өткен ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының 28 сессиясында мереке туралы Қарар қабылданып, 23 сәуір «Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық қорғау күні» болып жарияланды.

23.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Кітаптың шығу тарихы» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларымен сыныптан тыс іс шара өтілді. Ежелгі Рим мәдениеті мен ғылымы өкілдерінің туындылары жарғақ кітаптарға жазылып таралды. 105 жылы қытай шебері Цай Лунь қағазды ойлап тауып, 13-ғасырда қағаз жасау өнері Шығыстан Батысқа тарай бастады. Осыған орай, Еуропада қолжазба кітап қауырт өркендеп, түрліше әріптер, бас тақырыптар (айдарлар) қолданыла бастады.



24.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 4.05.2023 жылы «Жаса, Қазақстан!» тақырыбына орай көрме жасалынды.

Азиада алауы – Шымкентке 13 қаңтар күні шам жамыраған шақта ұшақпен жетті. Алау эстафетасын Шымкент қаласында өткізілуі бойынша ұйымдастыру комитетінің төрағасы, облыс әкімінің орынбасары Ә.Бектаев, төраға орынбасарлары – Шымкент қаласының әкімі А.Жетпісбаев пен облыстық туризм және спорт басқармасының бастығы Болат Қырықбаев және “Қазақстанның Халық Банкі” АҚ облыстық филиалының төрағасы Ә.Мақұлбаев бастаған делегация қарсы алып, әуежайда БАҚ өкілдерімен баспасөз-мәслихаты өтті. 14 қаңтар. А.Асқаров атындағы ипподром маңайы қарағұрым жұрт. Салтанатты концерт. Бірер аптадан бері тұманды Альбион секілді түнеріңкіреп тұрған Шымкент аспанынан қылаулап қар жауды. Ақша қар және қардай аппақ киім киген алау эстафетасына қатысатын адамдар қаланың түндігін серпігендей күйге түсірді.

25.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында «Ерлігім – елім үшін!» тақырыбында әдеби шығармашылық кеш өткізу 9 мамыр - " Жеңіс күні! ». "Ерігім-елім үшін!" оқушылардың назарына ардагерлердің өмірі мен подігі туралы қысқаметражды фильмдер көрсетілді, көркем әдебиет пен батылдық туралы мақалалар мазмұны бар тәрбие сағаттары, патриотизмге тәрбиелеуге бағытталған әдеби шығармашылық кештері өткізіледі.

Сондай-ақ, оқушылар үшін мектептің жауынгерлік және Еңбек даңқы мұражайына экскурсиялар ұйымдастырылды. Осындай іс-шаралар барысында оқушыларға өз Отанына, еліне деген мақтаныш пен сүйіспеншілік сіңіріледі, қоғамға қызмет ете отырып, еңбекқорлық, адалдық, әділдік, ысырапшылдыққа жол бермеу, мейірімділік, бауырластық шынайы назармен қалыптасады.

26.«Оқуға құштар мектеп», «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. 7 сынып оқушылармен бірге дөңгелек үстел өтті. Бұл күні бүкіл ел саяси қуғын-сүргін құрбандары болған біздің отандастарымызды еске алады. Қазақстанда саяси қуғын-сүргіннің не екенін біледі, еліміз күштеп ұжымдастырудың ауыр хәлін бастан өткізді. Жалпы 1930-1953 жылдары аралығында 40 миллионнан астам кеңес азаматтары репрессияға ұшыраған. Әсіресе бұл заңсыз жазалауға Кеңес Одағы құрамында болған барлық халықтар мен ұлттардың бетке ұстар интеллигенция өкілдері ұшыраған. Осы кезеңде қазақтардың 40 пайызы қаза тапқан. Ал Қазақстан аумағында орналасқан лагерлерге корейлер, поляктар, Еділ немістері, Қырым татарлары, Кавказ халықтары және басқа да ұлт өкілдері қоныс аударылып келген.



Педагог – психологтың

2023-2024 оқу жылында жүргізілген жұмысының жылдық есебі

2023-2024 оқу жылында педагог – психолог жылдық жоспарға сай жұмыс жасалды. Оқу жылыбарысында оқушылардың жан-жақты даму деңгейі зерттеліп жеке дара ерекшеліктері анықталды. Оқу жылында жалпы оқушы саны: **202** басталып, оқу жылының аяғында **202** оқушымен аяқталды.

Оқушылардың қызығушылығы мен танымдық әрекеттерін және бейімділігін анықтай отырып, оларға түрлі ұсыныстар берілді. Тиімді әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың психологиялық саулығына ықпал ету, жеке тұлға қызығушылығын арттыру және оның дамуындағы әр түрлі қиыншылықтарды түзетуге, түзету-дамыту сабақтары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылында мектепке қабылданған 1 сынып оқушыларынан қыркүйек айының алғашқы аптасында, оқушыларды психологиялық диагностикадан өткізу/түстер ажырату, әңгімелесу, сурет салдыру, 1 ден 10 ға дейін санату, кері санау т.б. әдістемелер пайдалану.

1 сынып оқушылардың мектепке дайындығын анықтайтын Керн-Йерасектің белсенділік қабілетін бағдарлау тестінің ауызша сұрақнамасы жүргізілді. Жүргізілген әдістеменің қорытындысы бойынша оқушылардың мектепке психологиялық дайындығы мен мектеп өміріне бейімделу ерекшелігін төмендегі кестеден байқауға болады.

Мақсаты: Оқушылардың интеллектуалдық деңгейін анықтау

Әдістеме: ойлау қабілеті, есте сақтау қабілеті, зейіні.

№	Сыныптар	Сынып жетекшілер	Толық жетілгендер	Орташа жетілгендер	Төмен жетілгендер
1	1 «А»	Пернебаева Гулайым	53%	47%	0 %
2	1 «Ә»	Анарбаева Алтынай	40%	53%	7%

5-сынып оқушыларының психологиялық қалыптасу деңгейі. Сынып жетекшімен оқушылардың қарым-қатынасы бойынша сауалнама алынды.



“Бес терек” жобасы бойынша, жастар мен жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу үшін білім беру ұйымдарына қарасты бес маман бірлесіп, белгілі бір алгоритммен жұмыс жасауды қажет етеді. Бестерек құрамына мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог, медбике, педагог-психолог және мектепінспекторының бірлескен жұмыс аясында жиналыс жасап, жұмыстың жүргізілу барысымен таныстыру жүзеге асырылды.



“Бес терек” жобаның мақсаты: жастар мен жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез

құлықтың алдын алу. Бес терек жобасы екі кезең арқылы жүзеге асырылды. Бірінші кезеңде Кабинеттік талдау жұмыстары бес маманның көмегімен жүзеге асырылды. Тәуекел топты анықтау мақсатында **«Кабинеттік талдау»** жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік педагогтың мәліметтері бойынша оқушылардың тізімі жинақталды.

- Мектеп инспекторының тіркеудегі отбасылар тізімі жинақталды.
- Мектеп инспекторының тіркеудегі оқушының жоқтығы туралы жинақталды.
- Медбике толтыратын (Д –есептегі) оқушылар тізімі жинақталды.
- Сынып жетекшінің әлеуметтік желілердегі талдауы бойынша тізімі жинақталды.

Мектеп әлеуметтік педагог тізімдегі оқушылар, мектеп инспектор отбасындағы тізім, мектеп инспектор есебіндегі оқушы тізімі, мектеп медбикесінің «Д» есебінде тұратын оқушылар тізімі жинақталып қорытынды шығарылды.

Екінші кезеңде **«Далалық зерттеу»** жұмысы:

- 1) Сауалнама алынды. Сауалнамада психолог көмегі қажет деген оқушылардың тізімін жинақтау.
- 2) Эссе жазылды. Эссе тақырыптары: «Менің отбасым», «Менің ең жақын досым», «Менің арманым».
- 3) «Адам.Үй. Ағаш.» преспективалық әдісі бойынша сурет салдырту арқылы проблемасы бар оқушылардың тізімі жинақталады.



Зерделеу жұмыстарын жүргізу барысында тәуекел топтағы оқушылар анықталды. Тәуекел топты үш деңгейге бөлінеді. Деңгейлер: «Жасыл», «Сары», «Қызыл».

2023-2024 оқу жылында 5-11 сыныптар бойынша **«Жасыл»** деңгейдегі оқушылар сан - **34 оқушы**. **«Сары»** деңгейдегі оқушылар саны- **2 оқушы**. **«Қызыл»** деңгейдегі оқушы **жоқ**.

Жасыл деңгей	Сары деңгей	Қызыл деңгей
34	2	0

«Бес терек» жобасының тәуекел топқа алынған оқушылармен жеке түзету дамыту жұмыстары жоспарға сай жүргізілді.

1. «Сенім мен көңіл-күй» сауалнама.
2. «Отбасы» суреті.
3. «Аяқталмаған сөйлем» әдісі.

Тәуекел топтағы оқушылар құпия сақталады.

4 және 9 – сынып оқушыларымен ББЖМ–ге байланысты жоспар құрылып, сол жоспар барысында жұмыстар атқарылды. Оқушылардың темпераменттері анықталып, оқушыларға тестке дайындалуға қалай көмектесу

керек?, оқушылар арасында жағымды қарым –қатынас орнату, оқушыларға арналған сенімділік жаттығуы жүргізілді.

Желтоқсан айының басында 5-7 сыныптар арасында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты тақырыпта тренинг болып өтті, 8-11 сыныптарға мектеп инспекторы мен бірге түсіндіру жұмысы жүргізілді. Оқушылар әр бір баланың балалық және жастық, жасөспірімдік шағы керемет өтуі керек екенін атап өтті. Балалар ата- анасыз өмір сүрмеу керек екенін тілге тиек етті.

Республикалық «Зорлық зомбылыққа жол жоқ 16-күн» аясындағы күндеріне орай сыныптармен педагог-психолог тренингтер өтті.



«Біз зорлық зомбылыққа қарсымыз» тақырыбында оқушылармен психодиагностикалық жұмыстар жүргізілді.

Сынып жетекшілерге және ата-аналарға «Буллинг дегеніміз не? Тақырыпта түсіндірме жұмыстары жүргізілді.




«Айзенк әдісі» бойынша оқушылардың темперамент типтері анықталды.

2-4 сынып оқушыларының таным процесі бойынша зерттеу. Мақсаты: Оқушылардың зейін, ес, ойлау процестерін жан-жақты даму деңгейін анықтау жұмыстары жүргізіп, мониторинг жасалды.

Үлгерімі төмен оқушыларды сынып жетекші және пән мұғалімдермен бірлесіп жұмыстар жүргізілді.

Орта буынға келген оқушылармен жұмыс: Орта буынға бейімделуі, оқушылардың пәндерге, мұғалімдерге деген қобалжуы анықталды. Жалпы ата-аналар жиналысында «Баланың отбасында өмір сүруі, тәрбиелену құқығы және зорлық-зомбылық» атты баяндама оқылды. Ата-аналарға психологиялық тренинг жүргізілді. «Ерте жүктіліктің алдын-алу» бағыты бойынша медбикемен кездесіп, ата-аналармен түсіндірме жұмыстары өтілді. 5-11 сынып қыз балалары арасында жалпы жиналыс жүргізілді. «Қыз намысы – ұлт намысы», «Жат қылықтың қыз тағдырына әсері» тақырыбында іс-шара өтілді.



Әскери комиссиариатына тіркелген оқушылармен жеке зерттеулер жұмыс жүргізілді.


5-7 сынып оқушыларының таным процесі бойынша зерттеу. Мақсаты: Оқушылардың зейін, ес, ойлау процестерін жан-жақты даму деңгейін анықтау жұмыстары жүргізілді, мониторинг жасалды.

9-11-сыныптарда оқушылардың кәсіби бағыттылығын және бейіндігін анықтау жұмыстары жүргізілді. 10 сынып оқушылармен жұмыс: «Дж. Голланд», әдісі, бойынша мамандықтарын анықтау мақсатында сауалнама алынды.

1.Реалистік тип. Эмоциялық тұрақтылығы жоғары,заманы на қарай бейімделе біледі.Нақты объектіні ұнатып,сонымен шұғылданғанды жақсы көреді.Ептілікті талап ететін,үнемі қозғалыста болатын кәсіппен	2.Интеллектуалдық тип. Талдамалық ақыл-ойы бар,пайымдауы тәуелсіз,өзіндік ерекшелігімен сипатталады,теориялық,эстетикалық құндылығы көбірек.Интеллектуалдық шығармашылық міндеттерді шешуге бейім.Ауызша,а	3.Әлеуметтік тип Айырықша әлеуметтік ептілігі бар/қарым-қатынасты жақсы көреді,басшылыққа ұмтылу,әлеуметтік байланыстарға бейім.Айналасындағыларға тәуелсіз,жағдайға тез	4.Конвенциялық тип. Құрылымдық қызметке бейім,нұсқау бойынша істейді,қатаң белгіленген нұсқаумен жұмыс атқаруды ұнатады,нақты ақпаратты өңдеп,ұқсатуға әуес.Проблемаға көзқарасы стереотиптік	5.Тапқыр тип. Белсенділік,қызылбалықты,құлшынысты,ынта-жігерді талап ететін міндеттер мен мақсатты таңдайды.Міндет ерекшеліктері: басшылық етуді,нұсқау беруді,тапқырлықты	6.Артистік тип Адаммен қарым-қатынаста өз қиял-сезіміне сенеді,сүйенеді. Өмірге сезімталдылықпен қарайды.Мінез ерекшелігі:шешім қабылдауда тәуелсіз,икемді,ақыл-ойы мол.Қалыпты ереже,дәстүрмен жүрмейді.Шығармашылық
---	--	--	---	--	---

айналысқанды жөн деп есептейді. Механик, жүргізуші, инженер, агроном т.б. мамандықтарды ұнатады. Сөзге жоқ. Физика, экономика, химия, спорт т сияқты салаларда табысқа жетуіне мүмкіндігі мол.	уызша емес қабілеті бірдей дамыған. Белсенді, ал қызметте қарым-қатынасқа көп жоқ, әңгімеде ақпарат тасымалдаушы деуге болады. Қызметтің мына түрлерін ұнатады: математика, география, геология, шығармашылық кәсіптер.	бейімделгіш, сезімтал. Ауызша сөз, тілге бай, қабілетті. Жанындағыларға ақыл айтқыш, жаны ашып, аяушылық білдіріп тұрады. Ұнататын қызмет салалары: психология, медицина, педагогика.	(қайталама, еліктеуші). Мінез ерекшелігі: кері тартпа, бағыныштылық, тәуелділік, салт-сананы сақтағыш. Ұымдастырушылық, басымылық қабілеті аз. Ауыз сөзге жоқ есеп қисапқа жақын. Ұнататын мамандықтары: бухгалтер, финансист, тауартануші	ұнатады, қадірлегенді, күш көрсеткенді жақсы көреді. Ауызбен орақ орады, еңбек қиындығын моторлық дағдыны ұнатпайды. Мұндай мінез ерекшеліктері дипломат, репортер, менеджер, директор, делдалға лайықты т.б.	кәсіпті ұнатады: музыка, сурет, өнер жағына бейім.
20%	13%	20%	26%	6%	13%

9 сынып оқушылармен жұмыс: «Е.Климов» бойынша мамандықтарын анықтау мақсатында сауалнама алынды. «Мамандық таңдау» бойынша екі бағытты бөлу мақсатында анықтау жұмыстарын жүргізу және ата-анамен байланыста болу жұмыстары жүргізілді.



Педагог–психологтың жылдық статистикасы

2023-2024 оқу жылында жалпы оқушы саны: 204

Бастауыш сынып оқушылар саны: 90

Орта буын оқушылар саны: 91

Жоғары буын оқушылар саны: 23

Психодиагностикалық зерттеу жұмыстары: 15

2023-2024 оқу жылында 5-11 сыныптар бойынша **«Жасыл»** деңгейдегі оқушылар сан - **34 оқушы**.
«Сары» деңгейдегі оқушылар саны- **2 оқушы**. **«Қызыл»** деңгейдегі оқушы **жоқ**.

Жасыл деңгей	Сары деңгей	Қызыл деңгей
34	2	0

Бастауыш 1-4 сынып оқушыларының «Айзенк» әдістемесі бойынша темперамент типтері:

Холерик	Сангвиник	Флегматик	Меланхолик
22%	38%	37 %	3 %

Орта буын 5-9 сынып оқушылар «Айзенк» әдістемесі бойынша темперамент типтері:

Холерик	Сангвиник	Флегматик	Меланхолик
26%	33%	36%	5%

Жоғары буын 10-11 сынып оқушыларының «Айзенк» әдістемесі бойынша темперамент типтері:

Холерик	Сангвинтгк	Флегматик	Меланхолик
22 %	30%	39%	9 %

Психологиялық алдын-алу, ағарту жұмыстары бйынша тренинг сабақтар 30 рет өтілді.

Жалпы ата-аналармен 9 рет кездесу және тренингтер өтілді.

Жеке оқушылардың ата-аналарымен кездесу—10 рет өтілді.

ҰБТ-ке баратын оқушылармен жеке арнайы психологиялық тренинг сабақтар 5 рет өтілді.

Жоспарға сәйкес жұмыстар (ойлау,зейін,есте сақтау қабілеттері) бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Топтық және жеке тузету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Жеке кеңестер берілді—30 оқушы.

Үлгерімі төмен оқушылармен, сынып жетекшілері және пән мұғалімдерімен жеке түзету дамыту жұмыстары жүргізілді- 7 оқушы.

Педагог-психолог: М.Бекзатова